

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қазақстан Республикасының жасөспірімдеріне, орта және жоғары кәсіби білім беру ұйымдарының оқушылары мен студенттеріне медициналық көмекті ұйымдастыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2003 жылғы 23 қазандағы N 781 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2012 жылғы 18 қазандағы № 727 Бұйрығы

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 43-1-бабының 1-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2012 жылғы 13 тамыздағы № 4-1-14/И-3203 Ұсынысының негізінде,

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қазақстан Республикасының жасөспірімдеріне, орта және жоғары кәсіби білім беру ұйымдарының оқушылары мен студенттеріне медициналық көмекті ұйымдастыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2003 жылғы 23 қазандағы бұйрығының күші жойылды деп танылсын. (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2003 жылғы 19 қарашада N 2566 тіркелген).

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң қызметі департаменті (Д.Ж. Данаева) бір апталық мерзімде осы бұйрық күшіне енгеннен кейін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне бұйрықтың көшірмесін жолдасын.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

С. Қайырбекова